

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының
білім бөлімінің «Жаңаталап» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

19.12.2023 ж

Кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысы хаттамасының
көшірмесі

Қатысқаны: 5

Қатыспағаны: жоқ.

Күн тәртібінде:


- 1.«Жаңаталап» бөбекжай-балабақшасында» мемлекеттік аттестаттау бойынша атқарылған жұмыстар туралы комиссия мүшелерінің есебі.
- 2.Өзін-өзі бағалау құжаттарының сараптамасы.

Сөз алды:меңгеруші Ж.Утебаева өз сөзінде 2024 жылдың 22-26 қаңтар айында бөбекжай-балабақшада кезекті мемлекеттік аттестаттау жүргізілетіндігі туралы, Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңының 5-бабының 9-тармағына,59-баптың 3,4 тармақтарына және «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарына» тоқталды. Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 09.11.2023 жылғы кестесіне сәйкес Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Жаңаталап» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны 2023 жылдың желтоқсан айының 19 күні мемлекеттік аттестаттау ережесіне сәйкес мекеменің өзін-өзі бағалау құжаттары толық әзірленді.

Бақылау комиссия мүшелері өз тараптарынан жауапкершілік танытып бақылау жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отырды.Құжаттарды сараптап,зерделеу жұмыстарын жүзеге асырды.Өзін-өзі бағалау құжаттары бақылау департаментіне белгіленген мерзімде тапсырылуын бақылап отыратын боламын.Мемлекеттік аттестаттауға дайындық жұмыстарын жүргізу бойынша жоспарға сәйкес жұмыстардың барлығы орындалды.Құжаттар сарапталып, зерделеу жұмыстары жүзеге асырылды.Барлық қызметкерлер өз міндеттері бойынша өз тараптарынан керек ететін құжаттарды өткізді.Мемлекеттік аттестаттауға дайындық жұмыстары тиісті деңгейде жүзеге асырылып, көзделген мақсат орындалды.

Шешімі:

- 1.Білім беру ұйымы қызметінің мемлекеттік аттестаттауға дайындық жұмысының нәтижелері және білім беру қызметінің сапасы "жақсы" деген деңгеймен бағалансын.
- 2.Бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау құжаттары 2023 жылдың 20 желтоқсанында Жамбыл облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне тапсырылсын.

Төрайымы: 
Хатшы: 

Ж.Утебаева
А.Сексенбаева